



# **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

**«Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжі» МЕМ мен  
«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі арасындағы өзара  
ынтымақтастық туралы  
МЕМОРАНДУМ**

Орал қаласы

«15» қараша 2022 ж.

«Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжі» МЕМ (бұдан әрі Колледж), директоры Жарғы негізінде әрекет ететін Габдуллина Зухра Миндвайевна арқылы, бірінші тараптың атынан, «Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі (бұдан әрі Бөбекжай) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы негізінде әрекет ететін Кенжеғалиева Лунара Габдрашитовна арқылы, екінші тараптың атынан, бірлесе «Тараптар» деп аталатын,

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі ТЖКОББ) ұйымдарына қолданбалы бакалавриатты енгізу бойынша жол картасын және педагогикалық кадрларды даярлау саласындағы ұзақ мерзімді серіктестікті дамыту мен нығайту мақсатында өзара сыйластық, түсініктік пен тиімділік принциптерін негізге ала отырып, осы меморандум жасасты:

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Өз әрекетінде Тараптар Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдары және басқа да нормативтік-құқықтық актілер негізінде заңнамаларын басшылыққа алады.

1.2 Осы Меморандум екі жақтың қолы қойылғаннан бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл бойы жарамды болып табылады. Меморандум мерзімі аяқталған соң Тараптардың өзара келісімімен ұзартылуы мүмкін.

### **2. МЕМОРАНДУМ ПӘНІ**

Педагог кадрларды дайындау саласында өзара тиімді қарым-қатынас жасап, болашақ мамандарды Орал қаласына жұмысқа орналастыру мақсатындағы Тараптардың ынтымақтастығы Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжі мен «Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесімен бірлесіп жасақтаған 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша эксперименттік режимде Орал қаласындағы жеке мектепке дейінгі ұйымдарында қолданбалы бакалаврлар және орта буын мамандарын даярлауды, тәжірибеге педагогикалық ғылым мен озат тәжірибе жетістіктерін енгізуді, «колледж - балабақша» серіктестік жүйесін тиімді дамытуды камтамасыз ету арқылы жүргізіледі.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ**

#### **3.1. Колледж:**

3.1.1. Жоғары білім беру мен техникалық және орта білімнің бағдарламаларының кіріктірілуін камтамасыз ететін, практикаға бағытталған даярлық пен біліктілік деңгейіне қарай (жоғары деңгей, орта буын маманы,

колданбалы бакалавр) базалық және кәсіптік құзіреттіліктерді меңгеруді қарастыратын колданбалы бакалавриаттың білім бағдарламаларын енгізеді;

3.1.2. ТЖКОББ жүйесіне модульдық - құзіреттілік тәсілді, кредиттік технологияны енгізеді;

3.1.3. Жұмыс берушілер мен еңбек нарығы талаптарына сай ТЖКОББ оқу - әдістемелік құжаттары мен жанартылған оқыту бағдарламаларын жасактайды.

### **3.2. Бөбекжай:**

3.2.1. Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжі студенттерінің кәсіптік педагогикалық практиканы өтуі үшін бөбекжай базасының ұйымдастырылуын және осы ереженің орындалуын бақылауды каматамасыз етеді;

3.2.2. Бөбекжай пен мен Колледж арасындағы өзара әрекеттестікті үйлестіруді камтамасыз етеді;

3.2.3. Бөбекжай педагогтері мен колледж оқытушылары үшін бірлескен семинарлар, ғылыми-әдістемелік конференциялар, кеңестер ұйымдастырады;

3.2.4. Ақпараттық басылымдар мен оқу құралдарын, оқу- әдістемелік кешендер шығарады.

3.3. Тараптар өзара баска салалар бойынша да ынтымақтастықты дамыта алады.

3.4. Өзара ынтымақтастықтың берілген бағыттарын жүзеге асырудың нақты шарттары Тараптарымен осы Меморандумды жүзеге асыру Жоспарын жасактау арқылы косымша келісіледі.

## **4. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ**

4.1. Осы Меморандум негізінде өзара ынтымақтастықты жүзеге асырушы Тараптар интеллектуалдық меншікті қорғау құқығын каматамасыз етеді.

4.2. Бірлескен ғылыми зерттеу нәтижелерін немесе жобаны жүзеге асыру барысында алынған ақпаратты пайдалану сұрақтары, интеллектуалдық меншікке авторлық және баска да құқықтарға байланысты сұрақтар Тараптармен әр жағдай бойынша екі жақты келісім-шарт немесе келісім арқылы келіседі.

## **5. БАСҚА ДА ЖАҒДАЙЛАР**

5.1. Осы Меморандум Тараптардың ортақ шешімімен өзгертілуі мүмкін.

5.2. Осы Меморандум әр Тарап үшін қаржылық міндеттеме жүктемейді. Меморандумды жүзеге асыру барысында туындаған барлық қаржылық міндеттемелер жеке келісім-шартпен немесе келісіммен рәсімделеді.

5.3. Осы құжат 2 (екі) түпнұсқада екі тілде жасалған, әр нұсқаның бірдей күші бар. Әр тарап Меморандумның бір нұскасын алады.

### **«Бөбекжайы»**

«Айяна» жске мектепке дейінгі білім беру мекемесі  
Мекен жаыы: БҚО, Орал қ.  
М.Мөнкеұлы 85/3  
Тел: 8 (7112) 50-28-59  
Директор:  Л.Г.Кенжегалиева

М.О.

### **«Колледж»**

«Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжі» МЕМ

Орал қаласы, А.Тайманов көшесі, 135  
Тел: 8 (7112) 50-02-84  
Директор:  З.М.Габдуллина

М.О.

